

Шахтер ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Қарағанды облысы Нұра ауданы Шахтер ауылының әкімінің 2017 жылғы 12 маусымдағы № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 15 маусымда № 4283 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданы Шахтерское селосының әкімінің 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданы Шахтерское селосының әкімінің 13.09.2017 № 2 (оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Шахтер ауылы әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ірі қара малдың арасынан бруцеллез анықталғанына байланысты, Шахтер ауылының аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауыл әкімі

Н. Ляпунова